

Верненка ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 10 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Качир ауданы Верненка ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 14 қыркүйектегі № 4 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабына сәйкес, Качир ауданының мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 2-19/302 ұсынымхаты негізінде **ШЕШІМ** қабылдаймын:

1. Ветеринарлық-санитарлық іс-шаралардың өткізілуіне байланысты Качир ауданы Верненка ауылдық округі Львовка ауылы "Вильгельм" шаруа қожалығының аумағында ірі қара малдың лейкоз ауруымен ауру фактісі бойынша шектеу іс-шаралары тоқталсын .

2. Качир ауданы Верненка ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 11 қыркүйектегі " Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 10 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 7 қазанда № 4753 болып тіркелген, 2015 жылы 15 қазанда "Тереңкөл тынысы" № 41, 2015 жылғы 22 қазанда "Заря" № 42 газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Верненка ауылдық округ әкімі

Г. Ахметова